

**ОРТА ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ:
ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

УДК 372.8

МРНТИ 14.01.07

<https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.017>

А.У. Сатыбалдиева, ^{1} К.Д. Каймулдинова ¹*

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ДҮНИЕЖҮЗІ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Мақалада мектеп географиясының «Әлеуметтік география» бөліміндегі дүниежүзі халықтарының ұлттық, діни және тілдік құрамын, мәдениет орталықтарына байланысты тақырыптарды оқыту барысында білім алушылардың білімі мен білік дағдыларын іс жүзінде шынайы өмірде қолдануға мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың негізгі бағыттары, тиімді әдістері мен технологиялары қарастырылған.

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік беретін сандық карталармен, қосымша білім көздерімен жұмыс істеуді қажет ететін қолдану, талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу деңгейіндегі тапсырмалар жүйесі берілген. Сонымен қатар, жүргізілген эмпирикалық зерттеулердің нәтижелеріне жасалған талдау негізінде білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру, «Ірі өркениет орталықтары», «Дүниежүзі халқының ұлттық, тілдік және діни құрамы» тақырыптарын өту барысында, тіл әулеттерінің таралу ерекшеліктерін зерделеуде заманауи белсенді және интербелсенді әдістер мен технологияларды қолданудың маңызын жан-жақты талдау жасалған.

Түйін сөздер: Сауаттылық, функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, іс-әрекеттік сауаттылық, креативті орта, құзіреттілік коллаборативті оқу.

Сатыбалдиева А.У., ^{1} Каймулдинова К.Д. ¹*

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан,*

**ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА ТЕМУ
НАСЕЛЕНИЯ МИРА И ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕНТРОВ**

Аннотация

В статье рассмотрены основные направления, эффективные методы и технологии формирования функциональной грамотности обучающихся при изучении тем «Национальный, религиозный состав населения мира» и «Центры мировой цивилизации» в разделе «Социальная география» школьного курса географии.

Для раскрытия содержания темы приведена система заданий на уровне применения, анализа, обобщения, оценки, моделирования, требующих работы с цифровыми картами, дополнительных источниками информации, позволяющая повысить познавательную активность обучающихся кроме того, на основе анализа результатов проведенных эмпирических исследований была проведена работа по повышению функциональной грамотности обучающихся, повышению результатов достижения обучающихся при изучении тем «Цивилизационные центры мира», «Национальный, языковой и религиозный состав населения мира», особенностей распространения языковых семей проведен всесторонний анализ значимости применения современных активных и интерактивных методов и технологий.

Ключевые слова: Грамотность, функциональная компетентность, математическая грамотность, информационная грамотность, деятельностная грамотность, креативная среда, компетентность коллаборативное обучение

Satybaldieva A.,¹ * Kaimuldinova K.¹
¹Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

DEVELOPING STUDENTS' FUNCTIONAL LITERACY ABOUT THE WORLD'S POPULATION AND THE FORMATION OF CULTURAL CENTERS

Abstract

The article considers the main directions, effective methods and technologies of formation of functional literacy of students in the study of the themes "National, religious composition of the world population" and "Centers of World Civilization" in the section "Social Geography" of the school course of geography.

To disclose the content of the topic a system of tasks at the level of application, analysis, synthesis, evaluation, modeling, requiring work with digital maps, additional sources of information, allowing to increase the cognitive activity of students.

In addition, on the basis of the analysis of the results of empirical research carried out to improve functional literacy of students, increasing the results of students in the study of "Civilization centers of the world", "National, language and religious composition of the world", the features of the spread of language families a comprehensive analysis of the importance of using modern active and interactive methods and technologies.

Keywords: Literacy, functional competence, mathematic literacy, information literacy, activity literacy, creative environment, competence collaborative learning

Кіріспе. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысына сәйкес 2019-2020 жылдар аралығында мазмұны жаңартылған қарапайымнан күрделіге біртіндеп көшуді көздейтін спиральдық жүйе бойынша оқу бағдарламасын енгізу толық аяқталды [1].

Құзіреттілікке бағытталған білім мазмұны жаңартылуға үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес білім алушылардың өз бетімен білім алып, функционалдық сауаттылықтарын дамыту оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін енгізу негізінде алған білімді қолдануға, талдауға, жинақтауға, бағалау мүмкіндік беретін *коллаборативті* оқу ортасын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықты дамытудың теориялық мәселелері ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында отандық және шет ел ғалымдар М.Ж. Жадрин [2], Акатова [3], В.В. Барабанов және А.А. Жеребцовтың [4] еңбектерінде көрініс тапқан. Олар функционалды сауаттылықты оқушылардың білімі мен оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау білім тұрғысынан қарастырады.

Сауаттылық – бұл үздіксіз оқыту үрдісі, оның барысында адам қоғамда толыққанды өмір сүру үшін жеткілікті әлеует пен білім алу бойынша қажетті дағдыларды меңгеру [5]. Ал *функционалды сауаттылық* – бұл пәнаралық (мета пәндік) құбылыс, сондықтан ол әртүрлі мектеп пәндерін оқытуда қалыптасады. Ол төменде көрсетілген пән аралық сипаттағы бірнеше негізгі индикаторлар арқылы анықталады:

1) сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін олардың бірлігі мен өзара байланысында еркін меңгеруді көздейтін *қарым-қатынастық (коммуникативтік) сауаттылық*; өзгенің сөзін түсіну және өз ойын ауызша және жазбаша түрде өз бетімен білдіру қабілеті;

2) білім алушылардың ақпаратты оқулықтардағы, анықтамалық әдебиеттердегі, іздеу қабілетін анықтайтын (оны әртүрлі көздерден алу (мысалы, интернеттен, оқу мазмұнының ықшам дискілерінен), талдау, жүйелеу және әртүрлі тәсілдермен ұсынуға негізделген *ақпараттық сауаттылық*;

3) ұйымдастырушылық дағдылардың көрінісі ретінде: іс-әрекеттің мақсатын ауызша тұжырымдау, қою, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, сол өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету және т.б. қамтитын *іс-әрекеттік сауаттылық*;

4) адамның математиканы әртүрлі мән-мәтінде (жеке, әлеуметтік, кәсіби, ғылыми)

түсіндіру, тұжырымдау және қолдану қабілетін көрсететін *математикадағы сауаттылық* [6].

Білім мазмұны жаңартылған жалпыға бірдей орта білім беру бағдарламасы жоғарыда аталған функционалдық сауаттылықтың әр бір түрі оқылатын пәндерде бір-бірімен үйлесім тапқан. Эномикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) функционалдық сауаттылықтың негізгі түрлеріне

сәйкес мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасы негізгі орта және кәсіби білім негіздерін меңгеруді көздейтін ұйым [7]. Қоғамның тапсырысына сәйкес орта мектептің мұғалімдерінің қазіргі басты міндеті – *креативті, жан-жақты дамыған, әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіби сауат-тылық деңгейлері жоғары, танымдық іс-әрекеттің тұрақты уәждемесі сияқты қасиеттері бар жеке тұлғаларды қалыптастыру.*

Материалдар мен әдістер. Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу 2020-2021 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел атындағы мектеп-лицейінде 5-6 сыныпта Жаратылыстану және 7-9 сыныпта география пәндерін оқыту барысында оқушылардың алған білімдерін, қалыптасқан іскерліктері мен дағдыларын іс жүзінде пайдалану мақсатында PISA тапсырмалары қолданылды. Зерттеу география пәнінен функционалдық сауаттылыққа арналған PISA тапсырмалар дайындау және оларды дамыту; оқушылардың өзін-өзі диагностикалауы, оқыту үшін бағалау; дискретті мәтінмен жұмыс; өзара оқыту және әлеуметтену бағытында жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Өзгермелі ақпараттық қоғамда болашақ мамандардың қоғамдағы орнын анықтауға мүмкіндік беретін дүниежүзі елдерінің мектеп жасындағы білім алушылардың білім сапасы мен функционалдық сауаттылығын халықаралық деңгейдегі зерттеулерді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізеді. Олардың зерттеулеріне TIMSS, PISA тапсырмаларын орындау нәтижесі бойынша шығарылатын қорытындылар негіз болады [8].

Programme for International Student Assessment (PISA) – жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 15 жастағы білім алушыларының математикалық, ақпараттық, оқу және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын бағалау жөніндегі халықаралық зерттеу 3 жылдық циклмен жүргізіледі. Әр циклде зерттеу бағыттарының біріне – оқу, математика немесе ғылымға баса назар аударылады. PISA зерттеуінің негізгі міндеті – 15 жастағы оқушылардың қазіргі өмір сүру жағдайында қажетті функционалды білімі мен дағдылары бар–жоғын анықтау. Зерттеуге әлемнің 65–тен астам елі қатысады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) бағдарламасын үйлестіреді [9].

2012-2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында тұлғаның басты функционалдық қасиеттері: бастамашылдық, шығармашылық ойлау және стандартты емес шешімдерді табу қабілеті, кәсіби жолды таңдай білу, өмір бойы оқуға дайын болу болып белгіленген.

PISA 2000 жылдан бастап белгілі бір циклмен жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде зерттеу жаратылыстану сауаттылығына және PISA кейінгі циклдері «*Жаһандық құзыреттілікті*» (Global Competence) бағалауға баса назар аударылуда [10].

«Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдарлары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған, оның мақсаттарының бірі жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуді және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады» [11].

Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасы оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың негізгі құзыреттер жүйесін меңгеруі болып табылады.

Ең қарапайым сұрақ – мектепте не оқыту керек? Ең айқын жауап – Білім. Оқушы тіл ережелерінің белгілі бір жиынтығын, географиялық, геофизикалық, геохимиялық заңдылықтарды, табиғи және әлеуметтік-экономикалық үрдістер мен құбылыстардың түзілу жолдары мен оларға әсер ететін түрткіжайттарды, жер бедеріне, климатқа, демографиялық, ел экономикасының дамуына қатысты дәйектерді, математикалық формулаларды және т.б. білуі және түсінуі керек.

Жоғарыда аталған негізгі мәселелерді білім алушылар терең меңгеру үшін география пәнінің мұғалімі олардың қызығушылықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыруға, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау бағалау дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

Педагог-ғалымдар өз шеңберінде мұны «базалық құзыреттер», «функционалдық сауаттылық», «шығармашылық танымдық міндеттер» деп атайды. Жаңа жағдайларда мектеп түлектерін оқыту үрдісі «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттіліктерді дамытуға бағытталуы керек. Кең мағынасындағы анықтамада функционалдық сауаттылық білімнің көп қырлы адам қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаны әлеуметтік бағдарлау әдісі ретінде әрекет етеді.

Өзін-өзі тану және қоғам өміріне пайдалы қатысу үшін білім алушылар қажетті ақпаратты өз бетімен алу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану керек. Білім мазмұнын жаңарту, күзінеттіліктерді қалыптастыруға бағыттау жағдайында зерттеу салаларының басқа пәндерімен «шекаралас» географияның рөлі артып, адамдар үшін өмірлік маңызы бар міндеттер мен өзекті мәселелерді (экология, ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және т.б.) шешудің тиімді жолдары мен құралдарын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Бұл үрдістің өзегі функционалды сауаттылық болып табылады, өйткені ол «адамның қолданбалы білім негізінде өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеті» деп түсініледі.

Осыған байланысты географияны оқыту білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталуы тиіс, оны дамыту үшін, білім алушылардың өз беттерімен және өзара оқытудың төменде көрсетілген бірқатат бағыттары бойынша білім беруді жүзеге асыру қажет [5; 7].

Бірінші бағыт: география пәнінен функционалды сауаттылыққа арналған PISA тапсырмалар дайындау және оларды дамыту. Функционалды сауаттылықты арттыратын шығармашылық міндеттердің түрлеріне өнертапқыштық және зерттеу міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жобалық, болжамдық, аяқталған шарты бар тапсырмалар жатады.

География пәнінен функционалды сауаттылықты дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық міндеттерді шешуге қойылатын негізгі талаптар:

1. Шарттың жеткіліктілігі;
2. сұрақтың дұрыстығы;
3. қарама-қайшылықтың болуы.

Бұл талаптарға сәйкес мектеп географиясын өту барысында білім алушылардың картографиялық, графиктік, математикалық, оқу сауаттылығын арттырып, Б.Блумның таным деңгейлерінің таксаномиясы технологиясы бойынша талдау, жинақтау, баалау деңгейіндегі тапсырмалар беріп оларды шағын топта, жұпта және жеке орындап олардың дұрыстығын пән мұғалімі рефлексия кезеңінде тексеріп, түзетулер мен толықтырулар енгізілуі тиіс деп есептейміз.

Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау үшін мұғалім оқушыларға географиялық координатты, белдеулік және жергілікті уақытты анықтау, демографиялық, экономикалық, гидрологиялық метеорологиялық, картометриялық есептер шығару, ірі және ұсақ масштабты карталарды оқу дағдыларын меңгертуі тиіс.

Сонымен қатар, мектеп географиясының әр бөлімін өту барысында білім алушылардың ойлау, көзбен көріп шолу, картаны оқу, талдау дағдыларын қалыптастыратын, танымдық белсенділіктерін арттыратын өзекті және шығармашылық тапсырмалар беріп, сарамандық жұмыстарды орындатудың маңызы зор.

Қашықтықтан оқыту барысында электронды білім беру және онлайн бағалау бағдарламаларын пайдалану оқушылардың демографиялық түсініктерін оқушылардың жылдам меңгеруіне, талдау жинақтау бағалау дағдыларын қалыптастырады. Әлеуметтік-экономикалық үрдістердің түзілу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамытуда маңызы зор.

Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері топтары тақырыбында дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелуі негізгі тіл әулеттері мен тілдік топтары, лингвистика ғылымының зерттейтін нысандарына сипаттама беріліп, *халық, ұлт, ұлыс* түсініктерінің мәні анықталады.

Білім алушылардың ойлау, ақпаратты талдау, жинақтау бағалау дағдыларын анықтау үшін 7-9 сынып оқушыларына тіл әулеттерін жіктеп топтастыруды көздейтін тқмендегі шығармашылық тапсырманы ұсынуға болады. Бұл тіл әулетіне жататын халықтар Кіші Азия түбегінен бастап, Жапон аралдарына дейінгі аумақта 40-70° с.е аралығындағы аумақта мекендейді. Бұл халықтардың терінің түсі ашық (сары). Барлығының шаштары түзу және қара, тіпті солтүстікте мекендейтін адамдардың кейде қоңыр түсті болуымен ерекшеленеді, көздері кішкене болады. Ірі аумаққа шашырай таралуына байланысты бұл тіл әулетіне жататын халықтар бірнеше тіл топтарына бөлінген [7; 8].

Тапсырма. Мәтінді мұқият талдап, жоғарыда аталған ендіктерде мекендейтін халықтардың атауларын, нәсілін, тіл әулетін және тіл топтарын сипаттап, кестені толтырыңдар. PISA тапсырмасы жүйелі болу үшін мәліметтерді кестеге жазған тиімді (1-кесте).

Кесте–1. PISA тапсырмасын орындау тәртібі

Тапсырма	Жауаптары				
1.Нәсілі					
2.Азияның 40°–70° ендіктер аралығында мекендейтін халықтар					
3.Тіл әулеті					
4.Тіл топтары	1	2	3	4	5
5.Тіл тобына жататын халықтар					
Негізгі қорытындылар:					

1–кестеге жасалған талдаулар PISA тапсырмасын орындау білім алушылардың жаратылыстану және география сабақтарында қалыптастырылатын білік дағдыларды, ақпараттық, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарды меңгеру қажет екенін көрсетті.

Бұл мәселелерді оңтайлы шешу үшін география пәнінің «Әлеуметтік география» бөлімінің оқу мақсаттарына қол жеткізу барысында картамен жұмыс істеу, сарамандық жұмыстарды орындау әдістерін, ақпараттарды жүйелеу, талдау, жинақтау, бағалау және үлгілеу дағдыларын меңгеруі тиіс.

2 – бағыт: өзін-өзі диагностикалау, оқыту үшін бағалау. Ол үшін білім алушылар өз таңдауы бойынша шеше алатын көптеген тапсырмалар ұсынылады. Олардың ішінен қорытынды тест жасалады: оқушы неғұрлым көп тапсырмаларды орындаса, тесті сәтті шешу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Тапсырманы орындау барысында дүниежүзі халықтарының нәсілдеріне, тіл әулеттері мен топтарына тән белгілерді анықтап, қосымша білім көздерін, тақырыптық карталарды талдау, жинақтау бағалау дағдылары қалыптасады.

Екінші бағыт бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін 7-9 сыныпта «Картография және географиялық деректер базасы», «Әлеуметтік география» бөлімдерін өту барысында білім алушылардың ақпараттық, математикалық, картографиялық сауаттылықтарын арттыру үшін төменде көрметілген тапсырманы ұсынуға болады. Бұл тақырыпта 7-9 сынып оқушыларының арнайы географиялық дағдыларын қалыптастыру үшін Қазақстан мен дүниежүзі халқының ұлттық және тілдік құрамына талдау жасап, араб, ағылшын, түркі басқа халықтардың таралған аумақтары, тіл топтарын анықтайды (2–кесте).

Тапсырма. Microsoft Access деректер қорын басқару жүйесімен «Еуразияның халқының ұлттық және діни құрамы» тақырыбында географиялық деректер қорын құрыңдар. Мәліметті деректер қорына енгізу үшін кестедегі мәліметтерді қолданыңдар.

Тапсырманы орындау барысында оқушыларда біріншіден, мектеп географиясынан сандық карталарды, Интернет желілерінің мүмкіндіктерін, пайдаланып, географиялық деректер қорын құру, екіншіден, математикалық есептеу әдістерін қолданып, табиғи өсу, өлім, туу коэффициенттерін табу дағдылары қалыптасып, математикалық сауаттылықтары артады. Картаны оқу түсіну білім көзі ретінде қолдану дағдылары қалыптасады [12].

Excel-2016_msetup бағдарламалық өнімін қолдану дүниежүзі елдерінің табиғи өсу коэффициентінің мәліметтеріне негізделіп, құрылған картограмма ұдайы өсудің бірінші, екінші және өтпелі типтеріне тән ерекшелікті, әртүрлі елдердегі халықтың жастық құрамын ашатын картограмманы автоматты түрде құрауға мүмкіндік береді.

Кесте – 2. Еуразияның халқының ұлттық және діни құрамы тақырыбында географиялық деректер қоры [12]

Елдер	Халқының саны, мың адам	Ер адамдар саны мың адам	Әйел адамдар саны мың адам	Ұлттық құрамы	1–24 жасқа дейінгі адамдар саны	Діни құрамы	Туу коэффициенті	Өлім коэффициенті	Табиғи өсім коэффициенті
Қазақстан									
Сауд Арабиясы									
Ресей Федерациясы									
Үндістан									
Негізгі қорытындылар:									

Ол өз кезегінде оқушылардың көру арқылы есте сақтау, алынған графиктік бейнелі мәліметтерді жылдам талдап жинақтау дағдыларын меңгертеді. Диаграмма түрінде толық ашу үшін сынып географиялық атласындағы *дүниежүзі халқтарының* картасына талдау жасау негізінде жеке материктердегі халықтардың тіл әулеттері мен топтарының таралу ерекшеліктерін анықтау қажет.

3 – бағыт: *дискретті мәтінмен жұмыс*. Географияда бұл, ең алдымен, түсініктемесін (шартты белгілерін пайдаланып ірі және ұсақ масштабты жалпы географиялық және тақырыптық карталарды оқу, түсіну және пайдалану, қажетті нысандарды белгілеу және табу, деректерін талдау және салыстыру, беттестіру дағдыларын меңгеру [13].

Картамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін ірі және ұсақ масштабты карталардың шартты белгілерін пайдаланып оқу, талдау дағдыларының қалыптасу деңгейлерін анықтауға мүмкіндік беретін күрделілік деңгейлері әр түрлі, картометриялық есептер шығаруды, көлденең кима-сызбалар құруды көздейтін тапсырмалар беру қажет.

Үлгілік ұзақ мерзімді оқу бағдарламасының оқыту мақсаттарының талаптарына, Цифрлы Қазақстан бағдарламасын жүзеге асыру, бұрын қалыптасқан білімдері мен іскерліктерін дамыту үшін оқушылардың картаның шартты белгілерін, түсініктемелерін қолданып өз беттерімен білім алып танымдық белсенділіктерін арттыру үшін сарамандық жұмыс барысында «*Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері*» географиялық деректер қорын құрудың маңызы зор. Ол өз кезегінде жеке материктерде мекендейтін халықтардың таралған аумақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Тапсырма. 7-сыныптың географиялық атласындағы *дүниежүзі халықтарының* картасына, қосымша білім көздеріне талдау жасап, «Дүниежүзі халықтарының тіл әулеттері мен тіл топтары» географиялық деректер қорын құрастырыңдар (3 – кесте).

Кесте – 3. Дүниежүзі халықтарының тіл әулеттері мен тіл топтары географиялық деректер қоры [11]

Тіл әулеттері	Тіл топтары	халықтар	Таралған материктер мен оның бөліктері
1	2	3	4
Үндіеуропа			
Афроазия			
Картвель			
Алтай			
Чукот-Камчатка			
Тіл-Сахара			
Сино-Тибет			
Австронезия			

Тапсырма. 7 сыныпқа арналған географиялық атластың дүниежүзінің халықтары мен тығыздығының картасына талдау жасау негізінде кестеде көрсетілген төл әулеттеріне жататын

халықтарды және олар таралған материктің бөліктерін анықтап, географиялық деректер қорын құрындар (3-кесте).

4 – бағыт. *Өзара оқыту және әлеуметтену.* Бастауыш сыныптарда мұғалімнің түсіндіруі оқушыларды білім алуға ынталандырып қызығушылықтарын арттырады. Ал негізгі орта және жоғарғы сыныптарда жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес оқушылардың өз беттерімен білім алуына мүмкіндік беретін өзекті және шығармашылық сипаттағы немесе мән мәтіндік тапсырмалар беру арқылы функционалдық сауаттылықтарын дамытудың маңызы зор [9; 12].

Тапсырма. Бұл екі дүние бөлігін бір-бірінен бөліп, Атлант мұхитының үш ішкі теңізін бір-бірімен жалғап жатыр. Екі бұғаздың да халықаралық саудада маңызы зор. Аталған үш теңіздің жағалауы ежелгі өркениеттің, ғылымның ірі орталығы болған ежелгі империяның бірі болып табылады. Қазіргі кезеңде аталған аумақта түркі әлемінің ірі мемлекеті орналасқан.

Сұрақ:

1. Бірінші бұғаздың аты;
2. Бұғаз бөліп дүниебөліктері;
3. Бұғаздың ені, ұзындығы орташа тереңдігі.
4. Аталған аумақта өркендеген ежелгі өркениет пен ғылымның орталығы болған мемлекет (империя).
5. Екі бұғаз арқылы бір-бірімен жалғасып жатқан ішкі теңіздер.
6. Қазіргі түркі әлемінің ірі мемлекеті.
7. Мемлекен аумағындағы ежелгі өркениет орталығы саналатын ежелгі қалалар.

Аталған тапсырманы орындау үшін 7-9 сыныптарда оқытылатын мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және географиялық деректер базасы», «Әлеуметтік география» бөлімдері бойынша білімдерін, қалыптасқан картаны оқу, дағдыларының, арнайы пәндік құзіреттіліктерінің болуы тиіс.

Жоғарыда аталған тапсырмалар білім алушылардың өз беттерімен іздену, өзін-өзі және өзгенің алған білімдерін бағалау дағдыларын қалыптастырады. Ол үшін мұғалім оқушыларға бағыт-бағдар беретін бағалау өлшемдерін дайындауы тиіс.

Білім алушылардың өз бетімен білім алуын қамтамасыз ету үшін картамен, оқулық мәтінімен, сандық, сонымен қатар, Интернет сайттарындағы қосымша мәліметтермен жұмыс істеуді көздейтін тапсырмалар ұсыну керек.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері Microsoft Access деректер қорын басқару жүйесін қолдану негізінде тапсырмаларды орындау географиялық карталарды, Интернет сайтының мәліметтерін талдауды қажет ететіндіктен оқушылардың ақпараттық технологиялық, арнайы пәндік, картографиялық сауаттылықтарын дамытады деген ой қорытындыларын шығаруымызға мүмкіндік берді [11; 12; 13].

Дүниежүзі халқының діни құрамы, ұлтаралық және дінаралық келісім тақырыптарын өту барысында мұғалім оқулықтың мәтінін, тақырыптық карталарды, қосымша білім көздерін талдау негізінде дүниежүзілік және ұлттық діндердің таралған аймақтарын анықтап, *ұлттаралық және дінаралық келісімнің* бейбітшілік пен ұлт аралық ынтымақты сақтаудағы маңызын анықтайды.

Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары тақырыбында адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамыған ежелгі ірі орталықтары, қола, ерте темір дәуірлерінен бүгінге дейін жеткен бірегей сәулет ескерткіштері анықталады [14; 15; 16].

Танымдық белсенділіктерін арттыру үшін «*Әлемнің жеті кереметі*», «*Дүниежүзінің ежелгі тарихи-мәдени ескерткіштері*», «*Қазақстанның бірегей тарихи археологиялық және сәулет ескерткіштері*» тақырыбында оқушыларға көрсетілім дайындату, шағын оқу-танымдық бейне фильмдерден үзінділер көрсетіп, оларды талдау жасау қажет. Жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелері тақырыптың мазмұнына, оқыту мақсаттарына сай білім алушылардың оқу нәтижелерін қалыптастырушы, бөлімді және тоқсандық жинақтап бағалау барысында *түсіну, қолдану талдау, жинақтау* деңгейіндегі тапсырмаларды беру оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып, іскерліктерін, арнайы географиялық дағдыларын қалыптастыратынын көрсетті.

Оқушылардың мәдениет географиясының негізгі түсініктерін меңгеріп көру арқылы есте сақтау, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру үшін 7 сыныпқа арналған географиялық атластағы дүниежүзінің халқының ұлттық құрамының, тіл әулеті мен тіл топтарының карталарын талдау негізінде өз беттерімен білім алуын ұйыдастыру қажет [17].

Қорытынды. Алынған мәліметтерге жасалған талдаулар, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту ойлаудың тәуелсіздігін, олардың ішінара іздеу және зерттеу жұмыстарына деген ұмтылысын, танымдық белсенділіктерін, оқу жетістіктерінің нәтижелерін арттыратынын көрсетті.

Жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік зерттеулер шеңберінде атқарылған жұмыс барысында сын тұрғысынан ойлауды дамыту, өзекті оқыту, Блумның таным деңгейлерінің таксаномиясы технологияларын пайдаланып функционалдық сауаттылықты дамыту білім алушылардың ақпаратты біріктірудің әртүрлі тәсілдері мен тәжірибелерін, идеяларды түсіну негізінде өз пікірлерін қалыптастыруға, тұжырымдар мен дәлелдердің логикалық тізбегін құруға, өз ойларын басқаларға қатысты анық, сенімді және дұрыс білдіруге үйренеді.

Осылайша, бұл нәтижелер сыни ойлау технологиясының әдістерін қолдану оқушы-лардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың құралы бола алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы; Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы

2. М.Ж. Жадрин. *Инновационные процессы в школьном образовании Казахстана как основание для повышения его качества. Открытая школа.* – 2016. –№2(153). – С.3–6.

3. Акатова, Т.И. *Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: Психолого-педагогический аспект Текст: монография / Т.И. Акатова.* – М. : ИТК «Дашков и К», 2006. – С. 237.

4. Барабанов В.В., Жеребцов А.А. *Особенности разработки заданий по географии для оценки функциональной грамотности.//Педагогические измерения /educationa lmeasurements.№2.2020.С. 51–64*

5. Рябина Л.А., Сидорова Г.А., Чабан Т.Ю. *Теория и практика оценивания читательской грамотности как компонента функциональной грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика.* – 2019. – Т. 1. No 4. – С. 34-57.

6. Пентин А.Ю., Никифоров Г.Г., Никишова Е.А . *Основные подходы к оценке естественно-научной грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика.–2019.–Т.1. No 4.– С. 80–97*

7. Рослова Л.О., Краснянская К.А., Квитко Е.С . *Концептуальные основы формирования и оценки математической грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика.* –2019.–Т. 1. No 4.– С.58–79.

8. *OECD (2019[8]), PISA 2018 Assessment and Analytical Framework, PISA, OECD Publishing, Paris, <https://dx.doi.org/10.1787/b25efab8-en>*

9. *The PISA International Study: A Methodological Guide.* – Astana: NCOSO, 2012. – 115 p. *The International PISA Program. Examples of tasks in reading, mathematics and natural science.* – М.: Center for Education Quality Assessment ISORAO, 2003. – 99 p.

10. Kaufman, J.C., Lee J., Baer J., & Lee, S. (2007). *Captions, consistency, creativity, and the consensual assessment technique: New evidence of validity. Thinking Skills and Creativity, 2, 96-106.*

11. Кошелев, В.Е. *Access 2007. Эффективное использование / В.Е. Кошелев.* – М.: Бином-Пресс, 2018. – 590 с.

12. Ковалева Г.С. *Новый взгляд на грамотность. По материалам международного исследования PISA–2000. // Социологические исследования.* – 2006. № 12. – С.9 2–104.

13. Istvan G. Tóth , in *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition), 2015*

14. Vágvölgyi R, Coldea A, Dresler T, Schrader J and Nuerk H–C (2016) *A Review about Functional Illiteracy: Definition, Cognitive, Linguistic, and Numerical Aspects. Front. Psychol. 7:1617. doi: 10.3389/fpsyg.2016.01617 <https://www.oecd.org/education/>*

15. БФИ, PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулердің талаптарын ескере отырып жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесі сапасының мониторингі. Талдамалы анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 65 б.

16. Исследование PISA в 2021 г. сравнит. креативность мышления 15-летних школьников из разных стран. http://obrnadzor.gov.ru/ru/press_center/news/index.php?id_4=6958(дата обращения 09.06.2020)

17. Vilisova T.V. Variants of competence-oriented tasks in biology and methodological recommendations for them the biology teacher of the MAOU "Gymnasium No. 10" in Perm. Evstifeeva A.G. Didactic materials for chemistry lessons. Rostov-on-Don: Phoenix 2004.

References:

1. «Bilim berudiң tiisti deңgejleriniң memlekettik zhalpyға mindetti bilim beru standarttaryn bekitu turaly» Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң 2012 zhylғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгеристер мен толықтырлар engizu turaly Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң 2016 zhylғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы; Bilim berudiң барлық deңgejiniң memlekettik zhalpyға mindetti bilim beru standarttaryn bekitu turaly Қазақстан Respublikasy Bilim zhәне ғылым ministriniң 2018 zhylғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы

2. M.Zh.Zhadrina. Innovacionnye processy v shkol'nom obrazovanii Kazahstana kak osnovanie dlya povysheniya ego kachestva. Otkrytaya shkola. – 2016. – №2(153). – S.3–6.

3. Akatova, T.I. Yazykovaya funkcional'naya gramotnost' i yazykovaya kul'tura studentov: Psihologo-pedagogicheskij aspekt Tekst: monografiya / T.I. Akatova. – M. : ITK «Dashkov i K», 2006. – 237 s.

4. Barabanov V.V., Zherebcov A.A. Osobennosti razrabotki zadaniy po geografii dlya ochenki funkcional'noj gramotnosti. // Pedagogicheskie izmereniya / educationa lmeasurements. №2. 2020. S. 51–64

5. Ryabinina L.A., Sidorova G.A., Chaban T.Yu. Teoriya i praktika ocenivaniya chitatel'skoj gramotnosti kak komponenta funkcional'noj gramotnosti // Otechestvennaya i zarubezhnaya pedagogika. – 2019. – T. 1. No 4. – S. 34–57.

6. Pentin A.YU., Nikiforov G.G., Nikishova E.A . Osnovnye podhody k ocenke estestvennonauchnoj gramotnosti // Otechestvennaya i zarubezhnaya pedagogika. – 2019. – T.1. No 4. – S. 80–97

7. Roslova L.O., Krasnyanskaya K.A., Kvitko E.S . Konceptual'nye osnovy formirovaniya i ochenki matematicheskoy gramotnosti // Otechestvennaya i zarubezhnaya pedagogika. – 2019. – T. 1. No 4. – S.58–79.

8. OECD (2019[8]), PISA 2018 Assessment and Analytical Framework, PISA, OECD Publishing, Paris, <https://dx.doi.org/10.1787/b25efab8-en>

9. The PISA International Study: A Methodological Guide. – Astana: NCOSO, 2012. – 115 p. The International PISA Program. Examples of tasks in reading, mathematics and natural science. – M.: Center for Education Quality Assessment ISO RAO, 2003. – 99 p.

10. Kaufman, J.C., Lee J., Baer J., & Lee S. (2007). Captions, consistency, creativity, and the consensual assessment technique: New evidence of validity. *Thinking Skills and Creativity*, 2, 96–106.

11. Koshelev V.E. Access 2007. Effektivnoe ispol'zovanie / V.E. Koshelev. – M.: Binom-Press, 2018. – 590 c.

12. Kovaleva G.S. Novyj vzglyad na gramotnost'. Po materialam mezhdunarodnogo issledovaniya PISA–2000. // Sociologicheskie issledovaniya. – 2006. № 12. – S.92–104.

13. Istvan G. Tóth , in *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition)*, 2015

14. Vágvölgyi R, Coldea A, Dresler T, Schrader J and Nuerk H–C (2016) A Review about Functional Illiteracy: Definition, Cognitive, Linguistic, and Numerical Aspects. *Front. Psychol.* 7:1617. doi: 10.3389/fpsyg.2016.01617 <https://www.oecd.org/education/>

15. BFI, PISA, TIMSS halықаралық салыстырмалы zertteulerdiң talaptaryn eskere otyryp zhalpy bilim beretin mektepterde bilim beru procesi sapasynyң monitoringi. Taldamaly anyqtama. – Astana: Y. Altynsarin atynday Yltyq bilim akademiyasy, 2014. – 65 b.

16. Исследование PISA в 2021 г. сравнит. креативность мышления 15-летних школьников из разных стран. http://obrnadzor.gov.ru/ru/press_center/news/index.php?id_4=6958(дата обращения 09.06.2020)

17. Vilisova T.V. Variants of competence-oriented tasks in biology and methodological recommendations for them the biology teacher of the MAOU "Gymnasium No. 10" in Perm. Evstifeeva A. G. Didactic materials for chemistry lessons. Rostov-on-Don: Phoenix 2004.